

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ МҰРАТЫ

Өзінің құрылған уақытынан бері аға буынның бірнеше легін ауыстырып, өскелең жас ұрпақтың көптеген буынын тарих сахнасына шығарған Тараз мемлекеттік педагогикалық институты – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір мемлекеттік жоғары оқу орны. Білім-ғылым ордасының іргетасы 1967 жылы қаланған әрі ол бүгінгі таңда егемен Қазақстанның беделді педагогикалық оқу орындарының үздігі болып табылады.

Институттың миссиясы – еліміздің индустриалды-инновациялық даму міндеттері мен білім беру саласындағы үздік әлем практикаларына сәйкес келетін жоғары білікті педагогикалық мамандарды дайындау арқылы бәсекеге қабілетті адами капиталын дамыту, өмір бойы оқыту жүйесінің қызметін қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарында зияткерлік әлеуетті қалыптастыру.

Бүгінгі таңда институттың 7 факультетінде 6000-ға жуық студент білім алады.

Жаңалығы желмен жарысқан, ой өрісі ғарышпен таласқан бүгінгі заманның заңғар жастарын тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиені тарихпен ұштастырып оқытуға айрықша мән берілуде. Әр ұлттың қай кезеңде бол-



масын, алдында тұратын ұлы тарихи міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын саламатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеуді, тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарды бойына сіңіруді институттың профессор-оқытушылар құрамы өздерінің қоғам алдындағы зор борышы деп санайды.

Биыл еліміз тұңғыш рет ұлттық мемлекетіміз – Қазақ хандығының 550 жылдығын кең көлемде атап өтті.

Соның ішінде бұл ауқымды іс-шараның негізгі бөлігі Жамбыл облысының үлесіне тиген еді. Өйткені аса маңызды әрі жауапты мерейтойдың өңірімізде өткізілуінің өз тарихи заңдылығы бар болатын. Тарихи деректерге назар аударсақ, 1465 жылы Керей мен Жәнібек 200 мыңдай адамымен қазіргі Жамбыл облысы Шу аймағының Қозыбасы деген жеріне туын тігіп, алғашқы Қазақ хандығын құрған болатын.

Көптеген қонақтар қатысқан абыройлы да мәртебелі мерейтойды жамбылдықтар жоғары деңгейде атқарып шықты.

Азаматтардың патриоттық сезімін арттыру мен елдікті нығайтуға бағытталған іс-шараға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері де өз үлестерін қосты.

Сәуір айында Өнер және мәдениет факультетінің «Кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының шебер студенттері өз қолдарынан шыққан туындыларынан көрме ұйымдастырып, оны екі апта көлемінде Әулиеата жұртшылығы тамашалады. Көрмеде ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін 60-тан астам қолданбалы өнер және кескіндеме жанрындағы туынды жұртшылық назарына ұсынылды.

Қазан айында «Тарихқа тағзым» деген атаумен мерекелік жиын өтті. Мерекелік қойылымда студенттер қазақ елінің үш мың жылдық тарихы мен қазіргі заманауи келбетін тарихи тұлғалар арқылы сахналады. Әр тұлға арқылы еліміздің халық болып дамыған, ұлт болып қалыптасқан тарихи кезеңдері тақырыпқа сай безендірілген жылжымалы сахнадағы қойылым, ән-күй, жыр-терме, хореография, хор секілді түрлі жанрлар арқылы қамтылды. Тараз қаласы көшесімен шеру форматында өткен концертке жалпы саны 2500-ден астам адам қатысты. Шараға «Жібек жолы» халықтық-эстрадалық оркестрі, «Көне Тараз» фольклорлық-этнографиялық, «Томирис», «Салтанат» секілді би ансамбльдерімен қоса, институттың өзге де өнерлі студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы атсалысты. Халқымызда «Өткенін еске алған – өскендіктің белгісі, өткенін ұмытқан – өшкендіктің белгісі» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ хандығының тойы, ең алдымен, ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын, тамыры терең тарихымызды түгендейтін той болды. Тарихты терең білуге деген құлшыныс терең құрметтен туатынын ескерсек, осы мерекеден алатын тарихи тағылым әрбір жас ұрпақтың бойына отаншылдық сезімін ұялатты.

Бүкіл Алаш жұртшылығы атап өткен дүбірлі тойға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының жасаған үлкен тартуы – «Қазақ хандығы»





энциклопедиясының жарыққа шығуы болды.

Ғылыми еңбек институт жанындағы Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығында дайындалған. Энциклопедияны әзірлеу барысында Қазақ хандығының тарихына қатысты ақпараттар молынан алынып, онда Қазақ хандығы тарихында өзіндік із қалдырған хандар, сұлтандар, билер, батырлар, ақындар мен жыраулар және оқиғалар туралы мағлұматтар қамтылды. Сонымен қатар Қазақ хандығы тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалымдар жайлы мағлұматтар беру де назардан тыс қалған жоқ. Энциклопедиялық басылымды әзірлеуге институттың оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері тартылды. 500 данамен жарық көрген энциклопедия мерейтойға келген барша қадірменді қонақтарға таратылып берілді.

Ұлттығымызды танытқан ұлы мерекеде институттың 150 студенті еріктілер қатарында болып, барша қонаққа көне Тараздың көрікті жерлерін, мұражайларын, тарихи ескерткіштерін таныстырды. Осылайша, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері тағылымы мол құндылықтарды бойына сіңірді.

*Орынқыз ДЖОЛДАСОВА
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры,
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент*



АННОТАЦИЯ ○

Проректор Таразского государственного педагогического института доцент Орынқыз Джолдасова рассказывает об опыте патриотического воспитания студентов вуза. Особенно наглядно это проявилось в дни празднования 550-летия образования Казахского ханства, истоки которого имели начало именно здесь, на территории нынешней Жамбылской области.